



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№3 (153), 2021
Наурыз
Март

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

С. Набиев, Б. Даутова	
Білім беру мазмұнын жаңарту – уақыт талабы.....	3
Г. Төлеген	
Мектептегі тәрбие жұмысын қашықтықтан өткізу – уақыт талабы	5
Р. Рахимжанова, Б. Куатова, К. Беркимбаева	
Өзіндік жұмыс – оқушы білімінің айнасы	7
Г. Есимсеитова	
Биология сабағында студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру	8
Б. Бапахова	
Баланың кітап оқуға мотивациясын көтеру	12
Ш. Жанысбекова	
Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазақ әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану жолдары	14
Ш. Аппазова	
Квалификационная практика во время пандемии	18
Т. Батюта	
Изучение полифонии в классе фортепиано	19
Х. Оразбаева	
Мәтіннің тақырыбы және оны анықтау жолдары	21
А. Пернебекова	
Түркілердің рухани тамырлары (орта түркі дәуіріндегі X-XV ғғ. мәдениеті)	23
Б. Солтиева	
Киіз үй – қазақ халқының дәстүрлі баспанасы	26
Н. Омаров	
Санды теңсіздіктердің қасиеттері	29
И. Молдаханов	
Волейбол ойынының ерекшелігі және мектеп жасындағы балаларды оқыту әдістемесіне қойылатын талаптар	32
Ж. Досан, Ж. Садықова	
English as a Global language	34
И. Егорова	
Математический турнир	36
А. Мамбетова	
Закрепление. Определение времени по часам. День Конституции	38
Д. Абеннова	
Достық – өмірлік нұсқа	40
М. Дүйсебай	
Ұлы тұлға – Абай	44
З. Әбдіқадырова	
Менің күн тәртібім	45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
05.03.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 05.03.2021 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Білім беру мазмұнын жаңарту – уақыт талабы



**Социял НАБИЕВ, Бахыт Майкеновна
ДАУТОВА,**

**№157 «Жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекет-
тік мекемесі мұғалімдері.
Алматы қаласы.**



Мемлекеттік білім беру саясатының бағытында қазіргі таңдағы мектеп баланың әсерлі дамуын жүзеге асыруы мен тұлғаның қажеттілігі мен қабілеттерін ескере отырып, оның бірқалыпты қалыптасу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керектігі айтылады. Мектептерде білім беруді заман талабына сай ету осыған бағытталған.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Оқыту үдерісін Білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор. Жаңартылған білім мазмұны белсенді оқыту арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдердерді қолдана отырып оқушылардың барлығын сабаққа жұмылдыру, ынтасын, пәнге деген қызығушылығын ояту. Жаңартылған оқу бағдарламаларында пәннің мазмұны және мақсаттары мұғалімдер

үшін бірізділігімен тиімді. Бағалаудың жетістік критерийлері де өте жақсы қамтылған. Мұғалім үшін тиімділігі оқушыны әділ бағалай алуы, мақсаттың нақтылығы, ресурстардың жеткіліктілігі. Оқушы үшін белсенді оқытудың тиімді жақтары, оның жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуінде. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Себебі өз білмейтіндерін басқа білетін оқушылардан толықтыруы.

Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді; әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға оқушыны жеткізуіміз керек. Оқытудың ұтымды технологиясын пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады.



Балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Осылайша, балаларды ХХІ ғасырда және кейінгі ғасырларда да өмір сүру үшін қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру – мұғалімдер үшін ынтылан-дырушы күш болып табылады. Балалар күннен-күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек (Wolfe and Alexander, 2008).

Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Мұғалім – мектептегі негізгі тұлға. Себебі тәрбие және білімнің көздеген нәтижеге жетуі мұғалімнің іс-қабілетіне, шеберлігіне байланысты. Олай болса, мұғалімдердің кәсіби даярлығына қойылатын талап та жоғарылауда.

Алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану білім беруді жаңарту ісіндегі маңызды буын болып табылады.

Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын орыс тілі мен әдебиеті сабағында қолдануға болады. Ал жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және адам қабілетін қалыптастыруға игі әсерін тигізсе, ал оқушылардың ойлау, есту, көру, ынтылану, бақылау, іздену мен танымдық

қабілеттерін ашуға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталған.

ІІІ деңгейлік курсты оқып, 7 модуль идеясымен танысып, орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдаланып келемін. Бұл модульдерді сабақта ұтымды пайдалану арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыстануға үйренетіндігі, сонымен бірге оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық орнап, сабақтың тиімділігі арта түсетіндігі атап көрсетілген.

Бағдарлама 7 модульден тұрады:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану;
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Осы 7 модуль бойынша сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынтымақ сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру білімге құштарлықтарын, көңіл күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындылары айқындала бастады.

Осы 7 модульді сабақтарыма қолданған кезде сыныптағы көрініс, оқушылардың



көзқарасымен оқу үрдісіне қатысты орын алған өзгерістерге толы болды және өзімнің де көптеген қызықты идеяларымды жүзеге асыру жөнінде белсенділігім арта түсті. Қазақстанның білім беру мазмұны сөзсіз жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам бастап келеді. Біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз. Қазіргі заман мұғалімі заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгергенде ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде болатыны анық.

7 модульді сапалы қолдана алсақ, оқу-

шыларымыз сыни ойлай алатын, білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын нағыз көшбасшы тәрбиелейтіндігіміз сөзсіз.

Бүгінгі күні білім сапасы үлкен мәселе болып тұрғаны шындық. Білім сапасы — мұғалімдер жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиададан, ғылыми жоба жарыстарынан көрініс табады. Осы жерде ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі — білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді» деген сөзі ойға оралады. Бұл өткен ғасырдың басында айтылғанымен, жүз жыл өтсе де бағыт — бағдар болып тұр.



Мектептегі тәрбие жұмысын қашықтықтан өткізу - уақыт талабы



**Гүлшат
ТӨЛЕГЕН,
№64 мектеп-лицейі
директордың
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.
Нұр-Сұлтан
қаласы.**

2020-2021 оқу жылының ерекшелігінің өзі тәрбие жұмысының еліміздегі індетке байланысты толығымен қашықтық жүйеге енгізілуі. Оқу форматы қандай жүйеге өзгерсе де, тәрбие бағытындағы іс шаралар өз мазмұнын сақтай отырып, енгізілу шарт еді. Осы тұста ұстаздар қауымы алдында үлкен міндет тұрды. Қашықтықтан оқыту балалар үшін де, мұғалімдер, мек-

теп әкімшілігі, ата-аналар үшін де өзгеше жағдай екенін ескеріп, мектебімізде бірінші алғы шарт түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының басы мектепте жүргізілетін жобалар мен әлеуметтік практикалар, мектепшілік дәстүрлі іс-шаралар, жалпы тәрбие жұмысы барлығы қашықтық форматта түрлі платформада жүргізілетіндіктері туралы ақпарат барлық сынып жетекшілерге берілді. Жалпы мектепте тәрбие жұмысының жүргізілуі сынып жетекші мен ата-ана ынтымақтас-тығының көрінісі. Тәрбиелік іс шараларды өткізу және сапалы ұйымдастыруға көмек көрсету үшін алдымен «Сынып жетекшілерінің кәсіби дамуы» мен «Ата-аналарды оқушылардың мектеп өміріне тарту жобалары» деген тақырыпта таныстырылым жасалды. Ендігі кезекте тәрбиелік іс шара



өткізуде оқушыларды көптеп қамтамасыз етуді мақсаттап, сабақтан тыс тәрбие қызметінде және оқушыларды әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру және өткізу, сонымен қатар кездесулер, дөңгелек үстелдер, әңгіме сұхбат барлығы онлайн режимге өтуі біраз тәрбиелік салтанатты, мәдени және қоғамдық маңызды іс шараларды өткізу және ұйымдастыруға қатысу мектептегі тәрбие жұмысының алдына үлкен өзгерістерге жауап беруге алып келді. Осы тұста оқушылардың бойына келесі түсініктерді қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Мектепте өткізілетін іс шаралармен жоба, үйірме, спорттық жұмыс түрлерінде оқушылардың бойына Отансүйгіштік идеясының негізі бар ұлттық идеясының негізінде қалыптасқан жалпыұлттық басты құндылықтарды насихаттауға үйретуге бағыттау қажеттілігі туындады. Мұндай жұмыс түрлерін ұйымдастырып өткізуге «Туған өлкем», «Мен сенің қолқанатыңмын!», «Үш күн ата-ана орнында», «Туған жерге тағзым» жобалары жүзеге асырылды. Ал, Жалпыға бірдей еңбек қоғамы, жалпыға бірдей тарих, мәдениет және тіл дегенде «Шешендік өнер», «Кел бірге оқиық!», «Шебер қолдар», «Асхана мәзірі» сынды жобалар өз нәтижесін берді.

-Жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар мен ақиқатқа негізделген, үлгі тұтарлықтай өмір сүруді (ар, абырой, адалдық) көздейтін «Адалдық сағаты», «Анашымның алтын қолы», «Таңдау жаса!», «Master ART» жобалары оқушы жас ерекшеліктеріне сәйкес оқушылар мен ата-ана арасында ынтымақтастық құра отырып онлайн форматта өткізілді. Жоғарыдағы жобалардың барлығында оқушыны әр кез өз өмірі мен өз іс-әрекетіне деген жауапкершілікті сезіндіру және үнемі өз өмірі мен керегін анықтау және өзінің «МЕ-НІН» өзге адамдар көзқарасымен байланыстыра алуға бағытталып жасалған. Бұл

жобаларда қоғам алдында уақыт талабына сәйкес іскерлік пен дағдылануды оқушылар өз өміріне қолдана алуды қалыптастыра біледі. Қазіргі таңда ақпаратпен жұмыс істеу және сыни ойлай алу дағдылары қалыптасқан тұлға ғана қоғам сұранысына жауап бере алатынын көріп жүрміз.

Осы жобаларға қатысқан оқушылар бойынан:

- мәселелерін шешуге үйренеді;
- өзінің өмірлік ұстанымын қалыптастыруға дағдылар қалыптасады;
- үлгі боларлықтай өмір сүру үшін, құндылықтарын анықтауға үйренеді;
- өмірлік мақсаттарына қол жеткізу үшін, өзін-өзі бақылауға дағдыланады;
- мінез тұрақтылығын бақылауға дағдыланады;
- өз бетімен ізденіп білім алуды және өзін жетілдіруді қалыптастыруды үйренеді;

Мектебіміздегі оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы өткізген онлайн-шараларға: «Эко Асар-2», «64-те қонақта», «Көшбасшылар» мектебі өз құрбы-құрдастарының қызығушылықтарымен қажеттіліктерін анықтауға көмектесті. Қашықтықтан оқытуда тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруда телекоммуникация және интернет-технология әдістерімен жұмыс жасаудың тиімді екеніне көзіміз жетті. Сонымен қатар мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелі ұйымдастырылып өткізілуге Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибе таратуы да үлкен көмек бола білді. Ендеше, қазіргі жаһандану дәуіріндегі оқушыларымыз даму үдерісіне жауап бере алатындай тұлға қалыптастыру үшін оқушыларымыз жан-жақты дамыған кез-келген жағдаяттан шешім қабылдап, үйретуге бағытталған қоғам тұлғасы қажет екенін ескеріп, осы жобаларды ұсынамын.



Өзіндік жұмыс — оқушы білімінің айнасы

Бастауыш мектеп — бұл оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан да, бастауыш білім берудің алғашқы басқышы қиын да, өзекті жұмыс. Бастауыш сыныпта балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни ойлау, сөйлеу, алған білімін жүйелі пайдалануға, объективті түрде бақылап, талдауға үйрету дамыта оқытудың басты мақсаты. Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, қабылдау мүмкіндіктері әртүрлі болады. Сондықтан баланың жасын, қабілетін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуда оқыту үдерісі кезінде үздіксіз әр түрлі тәсілдерді қолдануға болады.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сондықтанда бастауыш сынып оқушысын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Сол себепті математика пәнінен қосымша 3-сыныпқа арналған өзіндік жұмыс дәптерін және мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулығын дайындауды жөн көрдік. «Өзіндік жұмыс» дәптерінде барлық төрт тоқсан қамтылды, сонымен қатар әр бөлімдегі ұқсас тақырыптар жиынтығынан жасалынды. Бұл өзіндік жұмыс математика сабағында алған білімдерін пысықтауға, нақтылауға көмектеседі. Берілген тапсырмалар оқушыларға таныс болады және де жаңа түрін де кездестіреді. Оқу бөлімдері әр тоқсанның мақсатына жеткенін немесе жете алмағанын біле алады.

Математика пәнінен алған білімін бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кезеңіне дейін оқушы алған білімін үздіксіз қайталап, толықтырып отырады, яғни бұл жұмыс дәптері тоқсандық қорытынды бөліміне апаратын «оңай жол» десе де болады. Осы дәптерден оқушы өзінің жетістіктерін бағалауды үйренеді, сонымен қатар жіберілген қателерімен жұмыс та жүргізеді.

Бұл жұмыс дәптерді дайындауда оқу сапасын арттыру басты назарда болып отыр. Ал оқыту сапасы мақсат пен нәтиженің арасалмағы, мақсатқа жетудің өлшемі болып табылады. Сондықтан жұмыс дәптердің жалпы мазмұнына тоқталатын болсақ, дәптер оқулыққа сүйеніп дайындалды, берілген тапсырмалар мақсатқа сай жасалынды. 1-тоқсанда оқушылар 1000 көлемінде санауды, көбейту және бөлу кестесін жаттауға берілген тапсырмаларды орындайды, 1 миллионға дейінгі сандармен танысады. Сонымен қатар сауда жасауға, уақытты анықтауға, ұзындықты өлшеуге арналған қызықты тапсырмалар орындайды. 2-тоқсан бойынша дайындалған тапсырмаларда бөлшектер мен үлестерді жазуды, оқуды, геометриялық фигураларды сызуды, олардың элементтерін атауды, алдыңғы алған білімдерін пайдалана отырып, 100 көлемінде көбейту мен бөлуді орындайды. Жұмыс дәптердің 3 және 4 бөлімінде баған түрінде көбейту мен бөлудің алгоритмдерін құрастыруға, қалдықпен бөлуге, күрделі тендеулерді шешуге, логикалық тапсырмалардың жаңа түрлерін шығаруға үйренеді. Өзіндік жұмыс міндетті түрде мұғалімнің басқа-



руымен орындалады, әр оқушының дербестігі және жұмысты өз еркімен істеуі қамтамасыз етіледі. Міндетті түрде тексеріледі, оның алған бағасы оқушының қызығушылығын арттырып, қанағаттанғандық сезім тудырады және одан әрі құлшына жұмыс жасауына кері байланыс беріп, алға жетелейді. Сол себепті «оқушының өзіндік жұмыс дәптерімен» қатар «мұғалімге арналған нұсқаулығы» да дайындалды. Нұсқаулықтың ерекшелігі мұғалім уақытын үнемдеу мақсатында, оқушыға берілген барлық тапсырмалардың жауаптары жазылды. Оқушының аты-жөні арнайы цифрлармен кодталып берілді. Оқушының жасаған жұмысына дер кезінде кері байланыс беріп, ата-анасына да ескертіп, оқушының қиналған тұсын қайта қарап шығуына мүмкіндік беріп отыра-

ды. Өзіндік жұмыс — сабақ үстінде алған білімді мұғалімнің бақылауымен, алайда оның қатысынсыз орындалуы тиіс жұмыс. Өзіндік жұмыстың мақсаты — оқушының танымдық міндеттерін қалыптастырып, шығармашылық қабілетін арттыру. Қорыта келгенде жүйелі жүргізілген өзіндік жұмыс-болашақ ұрпақтың өмірде өз орнын, қарым-қабілет, өзіндік болмысын қалыптастыруға, бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді.

**Рита Боранкуловна РАХИМЖАНОВА,
Балкумис Назаралиевна КУАТОВА,
Камилия Абдиазизовна
БЕРКИМБАЕВА,
№64 мектеп-лицейінің бастауыш сынып
мұғалімдері.
Нұр-Сұлтан қаласы.**



Биология сабағында студенттердің өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру

Сипаттама. «Биология сабағында оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру» мақаласы мұғалімдерге оқушылардың өзін-өзі реттейтін мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда тәжірибе жинақтауда әдістемелік және практикалық көмек көрсету мақсатында жазылған. Мақала өзін-өзі реттеу процесінің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі, әр түрлі стратегияларды қолдану арқылы оны дамыту жолдарын көрсетеді және оқушылардың өз бетінше орындауы үшін тапсырмалар үлгілерін ұсынады.

Соңғы онжылдықта білім беру мазмұнында сапалы өзгерістер орын алды: оқытудың басты мақсаты ретінде пәндік

білім, біліктілік және дағдылардан екпін оқушылардың жалпы білім беру құзыреттіліктерін қалыптастыруға ауысты. «Оқыту» және «оқу» ұғымдары жаңа түсінікті қажет етті. «Оқытудың мақсаттары «сырттай қойылады және мұғалімнің күзіретінде болады. Оқу дегеніміз — оқушының өзіндік күш-жігерімен байланысты жеке тұлғаның іс-әрекетінің қол жетімді тәсілдерін меңгеру, бекіту немесе өзгерту үрдісі. Оқыту нәтижелері — бұл жеке тәжірибенің элементтері (білім, білік, дағды). Оқу — бұл оқушының ішкі процессі өзінің күш-жігерімен, жеке қажеттіліктерімен және мотивтерімен сілтеме жасай отырып жүретін» [1].



Бұл анықтама өзін-өзі реттеу процесімен тікелей байланысты.

Оқу іс-әрекетін өзін-өзі реттеу — бұл оқушы іс-әрекет субъектісі ретінде жүзеге асыратын нақты реттеу. Оның мақсаты — оқушының мүмкіндіктерін оқу үрдісінің талаптарына сәйкестендіру, яғни оқушы өзінің оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде өзінің міндеттерін білуі керек. Бұл оқушылардың өз оқуы үшін жауапкершілікті, өз мінез-құлқы мен оқу үлгерімін бақылауды, нәтижеге жету үшін осы бағыттарды түзету қабілетін, ойды мақсатты әрекетке айналдыру үрдісі.

Шэнк пен Эртмер (2000) өзін-өзі реттеу анықтамасын келесі компоненттердің тізімімен шектейді: «оқыту мақсаттарын қою, оқуға көңіл бөлу, тиімді стратегияларды қолдану, ақпаратты кодтау және қайталау, өндірістік жұмыс ортасын құру, ресурстарды тиімді пайдалану, өнімділікті бақылау, уақытты тиімді басқару, қажет болған жағдайда көмек іздеу, өз мүмкіндігіне, оқудың бағасына, оқытуға әсер ететін факторларға, іс-әрекеттің күтілетін нәтижелеріне, жұмсалған күш-жігер мен алынған нәтижелерге мақтану және қанағаттану туралы оң көзқарас» [2].

Өзін-өзі реттеу нені қамтитынын қарастыруға көшейік. Өзін-өзі реттеу академиялық оқытудың үш негізгі аспектілерін реттеуді қамтиды [Циммерман, 1989]: мінез-құлық, мотивация және когнитивті даму. [3]

Мінез-құлық саласындағы өзін-өзі реттеу оқушылар қол жеткізетін ресурстарды белсенді бақылауды қамтиды. Бұл, ең алдымен, уақытты, оқу ортасын, сыныптастарымен және мұғалімдермен жағымды қарым-қатынас, мектеп ішіндегі академиялық қолдауды орынды және белсенді қолдану (мұғалімдермен кеңес, тьюторлық жүйе). Мінез-құлық аймағында өзін-

-өзі бақылаудың жоғары деңгейіне жету үшін келесі стратегияларды қолдану ұсынылады:

Стратегия 1. Қоршаған ортаны құрылымдау

Бұл стратегия оқушының білім алуы үшін қоршаған ортаны белсенді басқарумен, академиялық өнімділікті арттырумен байланысты болуы мүмкін. Қоршаған ортаның құрылымына мыналар кіреді: оқу үшін кітапхана немесе интернаттағы жатақхана сияқты тыныш; оқу орнын табу;

адам аз болатын жерді іздеу. Мысалы, кітапқұмарларға арналған кафеден гөрі кітапхананың шағын бөлмесі; оқу кезінде музыка тыңдаудан бас тарту; Интернетті ажырату (тапсырмаларды орындау қажет болған жағдайларды қоспағанда); ұялы телефонды қашықтықта сақтау; жұмыс орнын таза және ұқыпты ұстау.

Стратегия 2. Өзіңіздің оқуыңыз үшін жауапкершілікті өз мойныңызға алыңыз

Кез келген мектептің педагогикалық ұжымы қазіргі заман талабына сай, өз білімі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын оқушыларды үйретуді көздеген. Ал оқушы тарапынан оқуда жетістікке жету үшін барлық жағдайды жасауы керек. Осы мақсатқа жету үшін оқушыларға келесідей кеңес беруге болады: ай сайын кемінде екі рет сабақтан тыс уақытта пән мұғалімдерімен кеңесу; оқу мақсатты болуы үшін сабақ басталғанға дейін, басында және сабақ барысында мұғаліммен оқу жоспарларын талқылауға қатысуға; мұғалім оқушының қажеттіліктерін білетіндігіне және оның бірінші қабілетін ашқан сәттен бастап оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруға ықпал ететіндігіне сенімді болуға; сұрақтар қойып, оқу процесіне белсенді қатысуға.

Стратегия 3. Сыныптастар қауымдастығын белсенді және жиі қолдану



Достар топтары, әдетте, жеке ерекшеліктерге ұқсас қызығушылықтарға сәйкес құрылады. Оқушылардан сұраңыз олар достарын академиялық ресурс ретінде пайдалануды қарастырды ма? Егер олай болмаса, оқушыларға бастап көруді ұсыныңыздар өйткені достары ең жақсы бастапқы ресурс екенін түсіндіріңіздер. Сонымен қатар, сыныптастарының жағымды және жағымсыз жақтарын тануға кеңес беріңіз. Егер оқушылар бірге оқитын сыныптастарының академиялық күші мен әлсіздігі неде екенін түсінсе жақсы. Басқалармен бірге оқыған кезде оқушылар: бір кездері жіберіп алған немесе түсінбеген ақпаратты алады және түсінеді: биология пәнінде оқытудың жаңа әдісімен танысады және оны кейінірек басқа пәнді оқуда өз бетінше қолдана алады.

Мотивация саласындағы өзін-өзі реттеу және оқуға деген қарым-қатынас оқушылардың пән талаптарына бейімделе алуы

тай әсер етеді [Циммерман, 2008]. Шын мәнінде, іс жүзінде өзін-өзі реттеу және мотивация барлық мақсаттар үшін ажырамас бөлік болып табылады. [Бозкаерц, 1999]. Мотивация өзін-өзі реттейтін оқыту үдерісіне үздіксіз қатысады [Бронсон, 2000]» [4]. Өз бетінше оқу оқушылардан өз оқуын бақылауды талап етеді – бұл үрдісті мотивациясыз орындау қиын.

Сіз оқушыларға мотивацияны арттыруға қалай көмектесе аласыз?

Мотивацияны арттырудың көптеген тәсілдерінің ішінен біз кестелерді қолдана отырып өзін-өзі бағалауды бөліп аламыз. «Оқушылардың мотивациялық сенімдерін өзгерту» кестесінен бастайық, онда оқушылардың оқуға деген жеке мотивациясының деңгейін бағалауға арналған тұжырымдары бар. Бұл кесте оқушылардың өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейіндегі мотивациялық сенімдерінің өзгеруін анық көрсетеді.

1-кесте. Білім алушылардың мотивациялық сенімдерін өзгерту

Өзгеру «алдында»:	Өзгеру «соңында»:
Мен бұл тапсырманы аяқтай аламын ба? Білмеймін	Мен бұл тапсырманы аяқтай аламын.
Бұл сабақ уақытты ысырап етеді, Мен ешқашан бұл пәнді үйренбеймін.	Бұл пән мен үшін қиын, бірақ мен осы пәнді үйренуге көп күш саламын.
Мен бұл тақырып бойынша жақсы баға алуға тырыспаймын.	Мен осы тақырып бойынша баға алуды мақсат етемін (мысалы, «4»).

үшін өзіндік тиімділік пен мақсатқа бағытталу сияқты мотивациялық сенімдерді басқаруды және өзгертуді қамтиды.

Ұлыбританиядағы Брамpton Манор академиясының жаратылыстану ғылымының оқытушысы Томас Р. Харриоттың «Өзін-өзі басқаруды үйренуге ықпал ету тәсілдерін жоспарлау» атты мақаласында біз мынаны табамыз: «...Өзін-өзі реттеуге ұқсас, мотивация академиялық жетістіктерге және оқу қабілетіне айтарлық-

Стратегия 4. Мақсат қою (ұзақ және қысқа мерзімді).

Мақсат қою өзін-өзі реттеудің маңызды бөлігі болып табылады және өзін-өзі реттеудің басқа стратегияларымен салыстырғанда негізді болуы мүмкін. Мақсат қою процесі тиімді қолданылған жағдайда оқушыларға өздерінің мінез-құлқын көруге және жақсартуға болатын бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға не істеу керектігін анықтауға көмек-



теседі, олардың қалай дамып жатқанын көруге мүмкіндік береді, оларды нәтижелі әрекет етуге талпындырады. Сонымен қатар, оқушылар өздеріне ерекше және бір уақытта күрделі, бірақ тым күрделі емес мақсаттар қоюы керек. Мақсат тез орындалуы керек, сонда оқушылар орындалған тапсырмадан қанағаттану сезімін сезініп келесі тапсырманы шешуге көшеді. Оқыту процесінде студенттер өздері үшін ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарды анықтай алады. Қысқа мерзімді мақсаттарды (шағын мақсаттар) қарастыруды ұсынамыз, өйткені оларға тезірек қол жеткізіледі, сондықтан нәтиже мотивацияны жоғарылатады және өзін-өзі басқаруды күшейтеді.

Қысқа мерзімді мақсаттарды қою дағдысы ретінде студенттерге «Қысқа мерзімді мақсаттарды қалай қою керек» бақылау парағын ұсыныңыз.

Жадынама 1. Шағын мақсаттарды қалай қоюға болады

Шағын мақсаттарды анықтай отырып, оларды кезеңдер ретінде қарастырыңыз. Бұл сізге қол жеткізілген сезімді береді: баяндама жазу сияқты үлкен тапсырманы кішкене бөліктерге бөліңіз: «Сабакта жазылған жазбаларды оқып шығыңыз», «Қажетті ресурстарды табыңыз» және т.б.; әр шағын мақсат үшін нақты уақыт шектерін орнатыңыз; өзіңізге басталатын уақытты белгілеп, оны ұстаныңыз; тапсырманың аяқталу уақытын белгілеңіз: алайда, егер сіз аяқтамасаңыз, онда жұмыс істей беріңіз; шағын тапсырмамен қанша уақыт жұмыс істегеніңіз емес, шағын мақсатқа жету маңызды.

Танымдық даму саласындағы өзін-өзі реттеу. Бұл өзін-өзі реттеу саласын қарастыру, алдыңғы бағыттар сияқты, стратегияларды қолданумен тығыз байланысты. Когнитивті даму саласындағы өзін-өзі

реттеу оқытудың әртүрлі танымдық стратегияларын бақылауды қамтиды, мысалы, терең процессуальды стратегияларды қолдану, олардың нәтижесі алдыңғы деңгеймен салыстырғанда оқу мен үлгерімнің жақсаруы болады. **Ниет деген не?** «Ниет» кезеңі жеке ойлауды, алдын-ала орындалатын әрекетті және осы әрекетті орындау үшін не істеу керектігі туралы танымдық жоспарлауды қамтиды. Ниет әдетте екі процесті қамтиды: мақсат қою мен стратегиялық жоспар құруды қамтитын тапсырмаларды талдау: өзіндік тиімділікті, күтілетін нәтижелерді анықтауды, мақсатқа бағытталуды қамтуы мүмкін өзіндік мотивациялық сенімдер.

Әрекет дегеніміз не? «Әрекет» кезеңі, әдетте, екі процесті қамтиды: өзін-өзі бақылау, оған мыналар кіреді: оқушыларға өз бетінше алға жылжуға көмектесетін нұсқаулар беру, назар аудара отырып, қайта бағыттау, тапсырманың нақты стратегиялары; өздігінен шолу (өзін-өзі бақылау), ол жеке жазуды немесе олар жүргізіп жатқан процестің экспериментін қамтиды.

Рефлексия дегеніміз не? «Рефлексия» кезеңі метафоралық «артқа шегінуді» жеке қолдануды және сәтті болғанын, алдын-ала жасалған әрекетке қатысты нені жақсартуға болатындығын бағалауды қамтиды. Рефлексияға әдетте мыналар кіреді: - нені жақсартуға болатынын және сол деңгейде қалу мүмкіндігі туралы ойлана отырып, сәттіліктің немесе сәтсіздіктің жеке тұлғаның сыни бағалауын көздейтін өзін-өзі бағалау; - мәселені шешетін модель құру. Сонымен, кез келген жетістік ниеттің, іс-әрекеттің және рефлексияның нәтижесі екендігі айқын болады [5]. **Қорытынды жасайық:** Өзін-өзі реттейтін оқушы болудың артықшылығы неде? Оқу үлгерімі туралы алаңдаушылықтың төмендеуі;



қолданыстағы стратегиялар оларды оңай қолдану мен пайдалануды жеңілдететін әдеттерді дамытады; оқуды бақылау сезімі пайда болады; қиындықты сезінбей-ақ, күрделі мәселелерді шешу қабілетін дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Низовская И.Я. Словарь программы Развитие критического мышления через чтение и письмо автора
2. Jahanshir Tavakolizadeh. Effect of teaching of self-regulated learning strategies on self-efficacy in students <https://clck.ru/SRdxA>
3. Томас Р. Харриот. Планирование подходов, способствующих организации

саморегулируемого обучения//Педагогический диалог №2 (4) 2013

4. Zimmerman B.J. Self-regulating academic learning and achievement: The emergence of a social cognitive perspective // Educational Psychology Review, 1990, 2. - P. 173-201.

5. Reid, R., Lienemann, T.O., & Hagaman, J.L. (2013). Strategy Instruction for Students with Learning Disabilities, (2nd ed.) .New York: Guilford Press. Self-Regulation. (n.d.). Retrieved from <http://cehs.unl.edu/csi/self.shtml>

Гульжан Бекжановна

ЕСИМСЕИТОВА,

ХББ НЗМ биология пәні мұғалімі.

Петропавл қаласы.



Баланың кітап оқуға мотивациясын көтеру

XXI ғасырда, ғылыми-техникалық прогресс ғасырында балаларды кітапқа назар аударуға көндіру барған сайын қиындай түсуде, өйткені компьютер және оларды толығымен сіңіретін көптеген қызықты ойындар бар. Біздің қоғамда біз рухани емес, материалға артықшылық беруге дағдыланғанбыз. Сондықтан, рухани байлыққа деген қызығушылықты бұрынғыдан да маңызды ету маңызды. Оқушыға ойлау, жаңа білімді табу өте қиын жұмыс. Кітап оқудың пайдасы шаш етекпен екенін білетұра, уақыт бөле алмаймыз. Күнімізді жоспарлап, қай істің өзгелерден маңыз-

дырақ екенін ертерек сараптап отырсақ, тәуліктегі 24 сағатты барлығына да жеткізуге болады. Оқылым дағдысын бала бойына сіңіруге ата-аналарға кеңес бергім келеді.

Кішкентай мұрагерді кітапты сүйеге тәрбиелеуді ерте жастан бастау қажет. "Оқымайтын күнді" бос күнге теңеу ережесін үйрету керек. Өз отбасылық кітапхананыңды жасаңыздар, балаңызды осы іс-шараға қатыстырыңыз, сонда ол кітапты жақсы көруді үйренеді. Бала үшін ол сарқылмас білім бұлағына, ең қуатты, қайтпас рухани құмарлыққа айналады. Балаңызбен бірге кітап дүкендеріне ба-



рыңыз, бірге кітап таңдаңыз. Балалар кітабына ешқашан отбасы қаражатын аямаңыз, ойыншықтан үнемдеңіз.

Балалар кітабын жақсы көріңіз, сонда сіздің балаңыз оны жақсы көреді. Белгілі бір басылымға деген қызығушылықты арттырыңыз: жақсы ертегі тандап, балаңызбен бірге отырыңыз, ең қызықты жерді оқып беріңіз және бос емес екенін айтып тоқтатыңыз. Егер сіз баланы қызықтыра алсаңыз, ол оқиғаны өзі аяқтайды. Мұндай тәжірибені жиі жасап тұру керек.

Оқуға деген құштарлықты ояту үшін тізбектеп оқуды қолдануға болады. Ол үшін ата-аналардың бірі бір сөйлемді оқиды, ал бала екіншісін оқиды. Ең дұрысы, анасы бірінші сөзін, әкесі екінші сөзін, ал баласы үшінші сөзін оқиды. Сонда сіздің балаңызда көптеген жағымды эмоциялар пайда болады. Сонымен қатар, бұл отбасында үйлесімділік үшін өте маңызды бірлескен ойын-сауық әрекеттерге айналады.

Кітапқа деген қызығушылықты арттыратын әрекет - сахналау.

Қызықты әңгіме немесе ертегі алыңыз, балаңызды рөлдермен бөлісуге шақырыңыз. Егер сол уақытта костюмдер киілетін болса, онда сіздің балаңыздың бақытында шек болмайды.

Адам психологиясына бойлай алу және қиялын дамыту.

Кітап оқиғасындағы кейіпкерлердің диалогына, мінез-құлығына зер сала отырып оқуды үйрету, балаңызға басқаларды тез тануға мүмкіндік алады. Айтқан сөзінен, жүріс-тұрысынан-ақ не ойы барын, ішкі пейілін танудың шебе-

рі болады. Фильм көрген кезде барлық картина баланың көз алдында болады. Оны тереңінен ойлауға мүмкіндік бермей, ойына шектеп тастай алады. Ал кітаптағы оқиғаны көз алдына елестете отырып, өз қиялын қоса алады.

Кітапхана да оқуға деген қызығушылықты оятуға көмектеседі.

Баланы балалар кітапханасына жазған жөн. Егер кітапханаға ата-анасымен бірге келсе, өте жақсы болар еді. Ата-ана баласының не оқитынын, неге қызығатынын біледі. Кітапханашы сізге әдебиеттерді таңдауға көмектеседі, кітапхана қорының ең жақсы жаңалықтарын ұсынады. Мектеп табалдырығын енді аттаған кезде балаңыздың мектеп кітапханасына баруы өте маңызды.

Идея туғызу. Кітаптан оқыған ойды дәл солай қайталау міндетті емес. Оқи отырып балаңызға ой түюге, бір ойдан басқа ой шығарып, жаңа идея тууына жол ашуды үйрету. Тек дер кезінде жазып қоюды ұмытпау керек. Содан соң балаңызға идеяны жүзеге асыруға, орындауға бағыт беру.

Есіңізде болсын, егер сіздің балаңыз мәнерлеп оқуды үйренбесе, оған орта мектепте бағдарламаны игеруге, оқып-үйренуге қиын болады, нәтижесінде оның оқу үлгерімі айтарлықтай төмендейді.

**Бакыт Шопеновна БАПАХОВА,
№64 мектеп-лицейінің оқу ісі
меңгерушісі.
Нұр-Сұлтан қаласы.**



Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазақ әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану жолдары



Шайзат Тұрақбайқызы ЖАНЫСБЕКОВА,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Шетелдік азаматтарға арналған және ЖОО дейінгі дайындық
факультетінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.
Алматы қаласы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына 2018 жылғы Жолдауында «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» білім бағдарламасының мазмұнына басты назар аудару қажеттігін баса айтқан [1]. Осы тұрғыдан 2017 жылғы «Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты — ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге,

қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретумен қатар, білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту деп білім алушыларды өзгерістерге үнемі бейім болуға тәрбиелеуді көздеген [2].

Білім алушылардың білімді меңгеру қабілетін дамыту үшін «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны келесідей бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ (1-кесте).

1-кесте. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұндық бөлімдері:

«Түсіну және жауап беру»	«Анализ және интерпретация» бөлімі	«Бағалау және салыстыру» бөлімі
- көркем шығарма мазмұны мен пішіні; - әдеби шығарманың тұжырымдамасы; - көркем шығармадағы образ; - шығарма үзінділерімен жұмыс.	- әдеби шығарманың композициясы; - автор бейнесі; - көркем шығарманың тілі; - шығармашылық жұмыс.	- тарихи және көркемдік құндылығы; - заманауилығы мен жаңашылдығы; - әдеби эссе; - әдеби сын.




Бағдарлама бойынша 5-сыныптың 1-тоқсанында оқытуға арналған «Керкұла атты Кендебай» тақырыбын қарастырайық. Мұнда сөйлеу қызметінің түрлері ретінде түсіну және жауап беру бөлімінде әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту оқу мақсаттарына жету келтірілген. Анализ және интерпретация бөлімінде әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу оқу мақсаттарын жүзеге асыру қарастырылған. Бағалау және салыстыру бөлімінде шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау; кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау; шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу оқу мақсаттарына қол жеткізу жоспарланған.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін қандай әдістерді қолдану қажет деген ой туындайды?


Қазіргі таңда қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде үш әдіс қолданылып келеді. Олар: пассивті, белсенді, интерактивті. Пассивті (өтпелі) әдіс — мұнда мұғалім мен оқушы іс-әрекетінде мұғалім негізгі әрекет етуші және сабақ барысын басқарушы тұлға болып табылады, ал оқушылар мұғалім айтқанын тыңдаушы қызметін атқарады (1-сурет). Бұл әдіс қазіргі таңда

жаңартылған білім беру бағдарламасы оқу мақсаттарын жүзеге асыруға қолайсыз болып табылады [3].



1-сурет. Өтпелі әдіс арқылы сабақты ұйымдастырудағы мұғалім мен оқушы іс-әрекеті

Белсенді әдіс — мұнда мұғалім мен оқушы сабақ барысында бірдей құқылы белсенді қатысушы болып табылады. Белсенді әдістерге дидактикалық ойындар, проблемалық тапсырмаларды шешу, миға шабуыл жатады. Бірқатар зерттеушілер белсенді әдіс пен интербелсенді әдіс ұқсас деп түсіндіреді. Алайда олардың арасында айырмашылық бар. Көп жағдайда белсенді әдістерді қолдану барысында мұғалім мен оқушы ара қатынасы күшейеді де, оқушылар мен оқушылар арақатынасы аз қамтылады [3].




2-сурет. Белсенді әдіс арқылы сабақты ұйымдастырудағы мұғалім мен оқушы іс-әрекеті

Интербелсенді әдіс (inter — аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) — мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі



бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз [4].



3-сурет. Интербелсенді әдіс арқылы сабақты ұйымдастырудағы мұғалім мен оқушы іс-әрекеті

Интербелсенді оқыту — әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Интербелсенді әдістерді қолдану үрдісінде оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді: терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту; өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру; ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, тандап алу; өздігімен жаңа түсінікпен білім құрастыру; пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу; шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу. Сондықтан интербелсенді әдістерді қолдануда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек: бірлескен жұмыс; танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту. Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері: бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық), рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,

ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай, т.б.), презентациялар, тренингтер, интервью, сауалнама, т.б.

Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу үшін «*Әңгімеге негізделген жазу*» интербелсенді әдісі қолданылады. **Мақсаты:** әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу. Берілген әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашық-хат, электрондық хат, күнделік жаздыру үшін оқушылар шағын топтарға немесе жұптарға бөлінеді. Оқушылар берілген жұмыс түрлерінің бірін тандайды немесе жеребе арқылы анықталады. Жазу уақыты белгіленіп, оқушыларға ескертіледі. Әр топта немесе жұпта бір хатшы сайланады. Оқушылар не жазатындарын талқылап, бір-бірімен пікір алмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және тандап қолдануды талап етеді. Бағалау және салыстыру бөлімінде шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау үшін «*Неге? Неге? Неге?*» әдісін қолдану ұсынылады. Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы әріптесіне «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Ойынның соңында оқушылар орындалған тапсыр-



маларды еске түсіріп, олардың түйінді тұстарымен ой бөліседі.

Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау үшін «Өзіңізді тексеріңіз» әдісін ұсынуға болады. Бұл мәлімет шындық па немесе жалған ба?

Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды. Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу үшін «Детектив» әдісін қолдану ұсынылады. Оқушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

Осы тақырыпты меңгергендігін қорытындылау үшін «Бағдаршам» әдісін қолдану ұсынылады. Әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылады. Мұғалім олардан сабақты түсінген-түсінбегеніне сәйкес карточкаларды көтеруін сұрайды. Жасыл карточка көтерген оқушылар барлығын түсінген боп есептеледі. «Не түсіндің?» сұрағы қосымша қойылады. Сары және қызыл карточка көтергендерден не түсініксіз болғаны айқындалып, тақырып төңірегінде қосымша жұмыстар жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім бағдарламасы бойынша қазақ әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану қажет деген тұжырым жасаймыз. Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында; біріншіден, сыни креативті ойлау мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу ар-

қылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі. Осы кезде оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге алатырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес алынған тәсілдерді қазақ әдебиетін оқытудта тиімді қолданысқа енгізу, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына 2018 жылғы Жолдауы. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar.-35_b.

2. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. <http://nao.kz/loader/fromorg/2/25?lang=kz>. — 30 б.

3. Активные методы обучения в высшей школе: Учебно-методические материалы по программе повышения квалификации «Современные педагогические и информационные технологии» / Под ред. Е.Ю. Грудзинской и В.В.Марико.- Нижний Новгород, Изд-во ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2009. — С.85.

4. Хакимова Н.Г. Интерактивные методы обучения. — М., 2017. — 56 с.



Квалификационная практика Во время пандемии



**Шеринбуви Бахановна АППАЗОВА,
Мастер производственного обучения ГККП
«Алматинский областной колледж инновацион-
ных технологий в сфере сервиса и питания»
г. Алматы.**

Основной целью квалификационной практики по рабочей профессии является ознакомление с работой предприятия, получение сведений о специфике избранной специальности, а также овладение первичными профессиональными навыками и умениями.

Задачи квалификационной практики: Квалификационная практика по рабочей профессии предусматривает обеспечение готовности обучающихся к выполнению основных профессиональных функций в соответствии с квалификационными требованиями: закрепление, расширение и совершенствование знаний, умений и навыков,

- приобретенных обучающимися по изученным дисциплинам; формирование умения применять полученные теоретические знания для решения

- конкретных задач профессиональной деятельности; ознакомление со структурой организации — объекта учебной практики

- изучение содержания деятельности предприятия

- изучение содержания нормативных

документов, регламентирующих деятельность предприятия или организации.

- развитие коммуникативных и организационных навыков при работе с людьми.

С 19 марта 2020 года, по сей день на территории Казахстана введен режим карантина, но соблюдая все санитарные меры, студенты нашего колледжа проходят квалификационную практику по квалификации «Кондитер» на крупных предприятиях города Алматы, таких как филиал Петропавловского хлебобулочного изделия, «Алматы НАН», «Айдын», «Little Brazil», «Антрекот», территория вкусной еды «Bazilik», «Есть хинкали, пить вино», «Khama park».

Квалификационная практика играет очень важную роль в будущем трудоустройстве студента. Оценивая трудоспособность студента, многие предприятия после завершения квалификационной практики, их трудоустраивают. Студенты нашего колледжа после окончания учебы, всегда востребованы на рынке труда.

Примером этого является, то, что студенты нашего колледжа смогли совме-



стить теоретические знания, с практическими работами на предприятий. Несмотря, на то, что многие предприятия об-

деленные умения, навыки и полноценно освоить знания, для получения квалификации «Повара».

щественного питания, из-за пандемии были закрыты на карантин, после послабления карантинных мер, и их открытия, в летнее время студенты были отправлены на квалификационные практические занятия.

Эти предпринятые нами меры, дала возможность приобрести нашим студентам опре-



Изучение полифонии в классе фортепиано

Изучение многоголосной или полифонической музыки, прежде всего, развивает слух, память, тембральный слух, воображение, ритм. Это труднейшая музыкальная ниша является основой в воспитании и развитии музыкальных и творческих способностей учеников.

Большая часть музыки полифонична или содержит её элементы. Один из сложнейших элементов полифонии — это одновременность проведения нескольких голосов и их сочетаний в единое целое. Развитие слуха у учеников помогает услышать разную окраску, разный тембр голосов, свою фразировку, своё динамическое развитие каждого голоса в отдельности, но сохраняя при этом целостность произведения.

Если ученик не слышит полифонической ткани то, его игра будет просто «сухой», не выразительной. Заниматься с учеником нужно постепенно, пошагово. И, конечно, оживлять музыку понятными образами. Ученик полюбит полифонию лишь тогда, когда почувствует, выучит акценты и интонацию каждого голоса. Будет видеть их движение. И лишь тогда голоса полифонии станут для него сочетанием понятных и близких выразительных мелодий певучего и танцевального характера.

Полифонические произведения на начальном этапе обучения можно разделить на несколько групп.

Группа 1 — это народно-песенная музыка с элементами подголосочности, ког-



да есть главный голос (запев) и несколько подголосков, дополняющих и окрашивающих основную тему. Главная трудность в исполнении: на фоне целого и половинного звуков, необходимо выдержать и обязательно дослушать, не заглушая их, вступающим вторым голосом. При этом прослушать интервалы, которые образуются между тянущимся звуком и звуками подголосочного мотива.

Подголосочные голоса разукрашивают, дополняют, создают узор интервалов с прямой звуковой линией основного мотива.

Другая сложная задача — это исполнение для начинающих снятия руки по окончании мотива, приходящееся в двух голосах на разные моменты (имитация). Педагог может пояснить имитацию с образом «эхо». Оживляет имитацию игра в ансамбле. Мелодию играет ученик, а её «эхо» — педагог. Затем, наоборот.

Обязательно необходимо с первых лет учить ученика запоминать каждый голос и сравнивать его со звучанием других инструментов. Для большего запоминания можно попросить спеть ученика мотив с названием звуков.

Когда ученик понимает движение голосов, возникает ещё одна трудность. Это их исполнение разными штрихами. Легато и нон легато в партиях левой и правой рук. Здесь помогут небольшие упражнения, например, игра по три или по пять звуков вверх или вниз на легато и нон легато двумя руками.

Группа 2 — это каноны. При исполнении канонов ученик постепенно начинает слышать два, не одновременно, то есть, с несовпадающими моментами динамических подъёмов и спадов развивающихся голосов.

Способы работы: исполнение голосов

— педагог-ученик. Их пропевание и исполнение, уточнение кульминационных точек в мотиве канона. Это кропотливая и терпеливая работа принесёт большую пользу, даст толчок в развитии музыкальных способностей ученика.

Группа 3 — часто исполняемая — старинные пьесы, преимущественно танцевального характера XVII-XVIII веков. Написаны они двухголосно. Основную мелодию ведёт верхний голос. К ним относятся менуэты, полонезы, прелюдии, арии.

Группа 4 — это более трудные формы полифонии с ещё более сложным строением (противосложение, интермедии). К ним относятся фуги, фугетты, симфонии.

Для понимания и совершенствования полифонических навыков учеников предлагаются следующие схемы и способы изучения:

1. Учить каждой рукой отдельно по голосам;
2. Один голос играет учитель, другой — ученик;
3. Один голос петь, а другой, одновременно, играть;
4. Выучить наизусть каждый голос;
5. Играть один голос на форте, другой на пиано;
6. Игра голос вслух и «про себя»;
7. Играть в разных регистрах;
8. Играть два голоса в одной руке;
9. Один голос исполняется легато, другой — стаккато;
10. Все произведения или голоса исполняются в четыре руки с удвоением баса. Эти удвоения соответствуют духу времени — игре на клавесине, органе, располагающих октавными регистрами.

Если следовать хотя бы нескольким пунктам, то слуховое видение учащихся сразу улучшается и посте-



пенно формируются навыки игры полифонии. То есть, умение одновременно и по-разному исполнять два голоса, а затем и больше.

Одним из важных моментов в изучении полифонии является выбор аппликатуры. При исполнении двух голосов одной рукой используются следующие аппликатурные приёмы:

1. Беззвучная подмена пальцев (2-5, 2-1);
2. Перекладывание (5 через 4, 3 через 2);
3. Скольжение пальцев (1-1, 5-5).

Кропотливая работа с карандашом в руках очень важна на начальном этапе разбора произведения.

Изучение мотивов (ямбические и хориические), изучение штрихов, легатто, стакатто, тенуто и более протяжное нон легато — всё это является важными маленькими ступеньками, дающими большой эффект в развитии музыкальных способностей учащихся.

Изучать полифонию, её законы поможет учитель, постепенно пробуждая спящий интерес ученика к столь сложному искусству, именуемому полифонией.

**Тамара Васильевна
БАТЮТА,**

**учитель фортепиано и музыки СШ №43
г. Нур-Султан.**



Мәтіннің тақырыбы және оны анықтау жолдары

Бірнеше жылдан бері кешенді және Ұлттық бірыңғай тестілеуде талапкерлер қазақ тілінен грамматика емес, оқу сауаттылығы бойынша тест тапсырылып келе жатқаны бәрімізге белгілі. Сонымен, оқу сауаттылығынан барлық сұрақтарға жауап беріп, қажетті 20 балды алу үшін де біраз әдістемелер мен қағидаларды, тест сұрақтарының түрлерін, жасалу жолдары мен тест шешу тәсілдерін меңгерсеңіз оның жауабын табу оңайырақ болатыны белгілі.

Тапсыратын пәннің атауы оқу сауаттылығы болғаннан кейін, әрине алдымен оқу техникасы мен мәдениетін меңгеру дұрыс. Мәтінмен жұмыс жасау кезінде мынандай үш нәрсеге ерекше назар аудару қажет. Алдымен, мәтінді жылдам оқу техникасын меңгеру. Өйткені бір нұсқада берілетін төрт мәтінде кемінде 350-400-

ге дейін сөз болады. Мәтінді жәй оқитын тест тапсырушы оған кейде жарты сағатқа дейін уақыт жоғалтуы мүмкін (бұл жайт тестке бөлінген уақыт шкаласында ескерілуі тиіс). Екіншіден, оқып қана қоймай, тест сұрақтарына жауап беру керек, яғни логикалық ойлау дұрыс қалыптасу керек. Үшіншіден, мәтін сөздеріндегі дәлдікті меңгеру (детализация).

Сонымен, тез әрі дұрыс жауап берудің жолдары қандай? Ол үшін оқу сауаттылығынан берілген тест сұрақтарына талдау жасап көрейік.

Тестегі сұрақтар саны мәтіндердің көлеміне байланысты. Алғашқы мәтінде — 2, екіншісінде — 4, үшіншісінде — 6, ал төртінші мәтінде — 8 сұрақ болады. Қарап отырсаңыздар, әр мәтін сайын сұрақтың саны да, көлемі де артып отырады, әрі со-



ған сәйкес деңгейленіп беріледі. Бірінші деңгейдегі сұрақтар жеңіл, екінші деңгейдегілер орташа, ал үшіншісі қиын болып келетіні белгілі.

Практикалық жұмыс жасау барысында тест жасаушы белгілі бір сұрақтардың жиі қайталанып келетіндігін байқайды. Сонымен, жиі кездесетін сұрақтарға тоқталайық;

1. Мәтіннің тақырыбы (мәтінге лайық атау) мен идеясын (негізгі түйінін) табу (кейде бөліктерінің)

Тақырып дегеніміз не десек, 5-сынып оқулығында мынадай анықтама берілген. **«Айтылған не жазылған ойдың не туралы екенінен хабар беретін мәтіннің ең басты бөлігі тақырып деп аталады. Тақырыпты анықтау үшін «Мәтінде не туралы айтылған?» деген сұраққа жауап іздеу қажет».** [1] Оқулықта

Тест талдау кезінде мына қағиданы естен шығармау керек: тест орталықтары мамандарының түсіндіруі бойынша «кейде мәтіннің тақырыбы соңғы сөйлемде немесе соңғы азатжолда тұрады» дейді. [1]

Мысалмен дәлелдеп кетейік: Идеясы мен көркем сөзі бір-біріне сәйкес келетін, аталарымыздың тарихынан сыр шертетін **«Қос пырақ»** туралы мәтін төрт бөлімнен тұрады. Бірінші, екінші, үшінші бөлімдерде «жер дүниені кезіп, шарлаған», «кісі елінде күркірегенше, өз елінде дүркірегенді» қалап, «Алтын Шаңырағын өз елінің төріне тігуге бел байлаған» қос Пырақтың өз еліне оралғанын көреміз. Ал, мәтіннің соңғы азатжолы **«Сол игіліктің арқасында «Қазақстан» атты елдің мәңгілік рәмізіне айналсақ, біз үшін бақыт емес пе!?»** деген сөйлеммен аяқталады. «Мәтіннің тақырыбы қандай» деген сұрақтың дұрыс жауабы: **Е. «Ұлттық рәміздер — елтаңба мен тудың пайда болуы».** Тақырыптың соңғы сөйлемге байланысты екенін білмеген талапкер оңай қателеседі.

Кейде түгелдей мәтіннің емес, қандай-

да бір бөлімнің де тақырыбын табуға арналған сұрақтар да кездеседі. Мысал келтіріп кетелік:

«Қыс өтіп, күлімдеп көктем, жарқырап жаз келгенде, шұрқырап жатқан қалың жылқы ішіндегі әсерлі де әсем дауыстары жез қоңырауындай шінгір-шінгір кісінеген жас құлындар қарақұлақ бола бастағанда, оларға түбіт араласқан жұмсақ жүннен есіліп жасалған нокталар салынып, тиектер орнатылып, ұзақ тартылған желілерге үзбелі күміс түймелердей қаз-қатар тізіліп байланады. Мұнда бірнеше жүздеген құлындар нокталанып, бие сауылады. Биені сауушы, сауғызушы болып, 2-ден 20-30 адамға дейін болады» [2]

Сұрақ: Мәтіннің бірінші бөліміне лайықты тақырып.

Тесте осы жауабы дұрыс болады-ау деген жауап үшеу. Бірі — бие байлау, екіншісі — нокталанған құлындар, үшіншісі — жас құлындар. Кез келген тест жасаушы бірінші жауапты дұрыс деп есептеуі ғажап емес. Өйткені, ол жерде бие байлау да, жас құлындар да, нокталанған құлындар да дұрыс жауап бола алатын сияқты. Менің ойымша, тесте осындай дұрыс жауапқа жуықтары екеуден аспау керек. Егер талапкер кейбір мәтіндердің, мәтіндер ғана емес, оның бөліктерінің де тақырыбы соңғы сөйлемде тұратынын білмесе бір балынан айырылады. Сонымен тестің жауабы:

Е. Нокталанған құлындар.

Қорыта айтқанда, тақырып мәтіннің ғана емес, бөлімдерінің де соңғы сөйлемінде тұра беретіндігін көріп тұрмыз.

Алайда мәтін тақырыбы алғашқы бөлімінде де тұра береді. Оны тарихи тақырыпқа жазылған мына мәтінді талдау барысында көз жеткізуге болады. **«Түркістан — Қазақ жеріндегі ең көне қалалардың бірі. Оның тарихы ең кемі 2000 жыл, мүмкін одан да бұрын пайда болған. Қала өте қолайлы жерге орналасқан, табиғаты тамаша, манайы таулар мен өзендер, жері құнарлы.**



Сонымен қатар Түркістан – төрт жолдың торабы, ол Батыс пен Шығыс, Оңтүстік пен Солтүстіктен келген керуен жолдарының түйісетін жері. Қазір Түркістан - Қазақстандағы гүлденген, тарихи ескерткіштері көп, саудасы дамыған қалалардың бірі, облыс орталығы» [2].

Сұрақ: мәтінге лайық тақырыпты табу керек.

Бұл жерде, керісінше, сұрақтың жауабы алғашқы бөлімде тұр. Ондай кезде тақырыпты табу үшін теорияға жүгінуге тура келеді, яғни «Мәтінде не туралы айтылса, сол соның тақырыбы болады» деген қағиданы ұстанамыз. Әңгіме басынан аяғына дейін Түркістан қаласы туралы айтылғаны мәлім. Ол әрі «**ежелгі шаһар, әрі «ірі сауда орталығы», әрі «төрт жолдың торабы»**. Ал, қай жауап дұрыс болады екен. Мұнда логикалық ойлау тұрғысына математикалық жолмен келу керек, яғни «бүтіннің бөлшегі» (**ірі сауда орталығы», «төрт жолдың торабы**) емес, бүтіні (**ежелгі шаһар**) дұрыс. Мәтінде басынан аяғына дейін ежелгі ша-

һар туралы айтылған, сондықтан жауабы:

Д) Ежелгі шаһар болып табылады

Кейде түгелдей мәтіннің емес, қандайда бір бөлімнің де тақырыбын табуға арналған сұрақтар кездеседі.

«Мәтін әр түрлі мазмұнға құрылады. Онда оқиғалар хабарланады, баяндалады, әңгімеленеді, құбылыстар сипатталады, суреттеледі. Мәтінге газет-журнал материалдары, өлең шумақтары, оқулықтағы ережелер және әр түрлі тақырыптағы сөйлесулер жатады». Берілген мәтін мен тақырыптың арасында тығыз байланыс болады. Қанша мәтін болса, сонша тақырып болады. Кез келген көркем шығарманың тәрбиелік мәні болатыны анық. Сондай-ақ, идеясыз шығарма болмайтыны да белгілі.

Хадиша Кадировна ОРАЗБАЕВА,
Абай атындағы Қаз ҰПУ қазақ тілі мен
әдебиеті пәні оқытушысы.
Алматы қаласы.



Түркілердің рухани тамырлары (орта түркі дәуіріндегі X-XV ғғ. мәдениеті)

Резюме

В статье рассматриваются духовные корни тюрков их культура в средневековье.

Summary

This article is devoted to the spiritual roots of Turkic and their culture in mediaeval epoch.

Түркі тілдес тайпалар Орталық, Оңтүстік және Кіші Азияда, Сібір мен Шығыс Еуропада күшті қарқынмен кеңінен тара-

ла бастады. Олар өз заманындағы даму-дың шырқау биігіне көтерілді және жалпы адамзат өркениетінің белсенді де қуатты қозғаушысы бола білді.

X-XI ғасырларда Орталық Азия халықтары үшін Шығыс пен Батыстың ұлы мемлекеттері тарапынан пәлендей сыртқы қауіп-қатер бола қойған жоқ.

Бұл жағдай бүкіл аймақта бейбіт өмір орнап, жоғары дамыған күшті мемлекеттердің пайда болуына мүмкіндік туғызды. Олардың арасындағы ең ірі әрі гүлденіп



өскендері Саманидтердің, Қараханидтердің және түркі-парсы халқы аралас Газнауидтердің мемлекеттері болды. Ол халықтың жалпы саны

5-7 миллионға жеткен еді. Бірақ олар соның өзінде ең жоғары сатыдағы экономикалық және мәдени дамуға қол жеткізді.

Араб басқыншылығы Орталық Азия халықтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне күшті ықпал етті. Қоғамдық өмірдегі аса маңызды өзгерістердің бірі жаңа мемлекеттік дін — исламның, араб тілі мен жазуының кеңінен таралуы болды. Халықтың Қытаймен, Үндістанмен, Жерорта теңізінің бүкіл елдерімен кең көлемде байланыс жасауы тек тауар алмасумен және техникалық жаңалықтарды бөлісумен ғана шектеліп қалған жоқ, сонымен қатар әр түрлі идеялық жүйелерді бір-бірімен салыстыру арқылы жұмыс жүргізуді де қамтамасыз етті. Орталық Азия халықтары орта ғасыр дәуірінде жоғарғы дәрежедегі жарқын мәдениет жасай білді. Мұның жарқын айғағын өзіндік сипаты мол сәулет өнерінен, көз тартарлық көркем қолөнер туындыларынан, жайқалған гүлдей поэзия мен эпостардан көруге болады.

Араб әліппесіне көшу де тап сол кезде басталды. Отырар, Тараз сияқты тағы басқа қалалар ірі-ірі мәдени орталықтарға айналды. Олардың сол кезеңдегі жергілікті дәстүрлерді дүниежүзілік мәдениеттің ең жоғарғы жетістіктерімен бірегей шеберлікпен етене ұштастыра білген энциклопедист ғалым әл-Фараби өмір сүріп еңбек етті.

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұр-

пақтарына мұра етіп қалдыра білді. Солардың бірі бәрімізге танымал Әбу Насыр Әл-Фараби.

Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде Тархан деген атаудың болуы. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзені Сырға барып құятын өңірдегі, Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидың толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ ибн Тархан Әл-Фараби, яғни әкесі Узлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып Әбунасыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны қазіргі Отырар ауданы, (Шәуілдір селосы, Түркістан облысының территориясында. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

А.Н. Бернштам, шекарадағы аса маңызды мекен және керуен жолдарының торабы болған Отырарға орта ғасыр авторларының көп назар аударғанын атап көрсетеді. Отырар қаласы орналасқан аса құнарлы алқапта қазақ халқының арғы ата-бабалары қырдағы көшпенділер мен қала тұрғындары жиі қарым-қатынас, тығыз байланыс жасап отырған деп пікір қорыту өте орынды.

Кеңінен мәлім екі дерек бар: 1218 жылы моңғолдар қаланы қиратты, бұл «Отырар апаты» деп аталады; онан соң 1405 жылғы ақпанда мұнда Әмір Темір қайтыс болды. Отырар жайында Ибн Хаукальдың, Абул Фиданың, Қытай деректемелерінің мәліметтері бар. Отырар жөнінде Птолемейде де айтылған. Отырардағы кітапхана, ел аузындағы аңызға қарағанда, кітабының саны жағынан атақты Александрия кітап-



ханасынан кейінгі екінші орында болған.

Бірақ Отырар Қазақстан жерінде жалғыз мәдени орталық емес еді, басқа да мәдени орталықтар (Тараз, Сығанақ, Түркістан, Мерке, Исфиджап) қалалар болғаны мәлім. Сондықтан, біз осы жерді мекендеген тайпалардың сонау арғы заманда қалыптасқан өскелең өнері, қол өнері, ғылымы, түркі тілдес жазуы болған деп батыл айта аламыз. Осы жазба әдебиеттің пайда болған кезін, ол б.з. 300-400 жыл немесе одан да көп бұрын қалыптасты ма деген мәселені келешекте тарихшылар мен тіл мамандарының анықтауына тура келеді.

Міне, қазақ даласынан Әбу-Насыр әл-Фараби, Исхақ әл-Отыри, Исмайл әл-Сығанаки, әл-Қыпшаки, Қыдырғали Жалайри және басқалар еңбектердің белгілі бір мәдени негізде дүниеге келуі табиғи нәрсе. Осындай санлақтардың ішінде жалпы әлемге әйгілі алып тұлға ретінде көзге көрінетін Әл-Фарабидың орны ерекше.

Ал енді Әл-Фарабидың антика дәстүрімен байланыстығынан, осының арқасында оның Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанып, даңққа бөленгенін айтатын болсақ, Әл-Фараби жастайынан-ақ ұлы Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грецияны басқа да философтарының шығармаларымен түп нұсқасынан танысқаны жөнінде бізде деректер бар.

Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетілуімен ол, жас шағында, дүниедегі, құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасап, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтарында болған: Хоросанда, Бағдатта, Дамаскіде (Шам), Алеппада, Каирда (Мысыр) болған.

Өз өмірінің көп жылдарын ол, араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдатта өткізді. Мұнда ол өз білімін әбден тиянақты меңгеріп, толық-

тырады, көрнекті ғалымдармен байланыс жасайды, сөйтіп өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы, және асқан байсалдылығының арқасында көп ұзамай олардың арасында үлкен абырой-беделге ие болды.

Біздің заманға Әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалардың ежелден бері-ақ жұртшылыққа танымал болып, философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына тигізген әсері толассыз.

Қорыта келгенде, фактілер негізіне сүйене отырып, Әл-Фараби кейін қазақ халқының қосылған түркі тайпасынан шыққан және ол Шығыс халықтарының мәдениетіне қатынасы бар қайраткер болды дей алмаймыз. Тәжіктердің, өзбектердің, қазақтардың, түрікмендердің, қырғыздардың, ұйғырлардың мәдениеті, дәстүрі және тұрмысы өте ерте заманнан бері ортақ болуына байланысты, олар ерекше бірыңғай мәдени аймаққа жатқан.

Мәдениеттің кейінгі дамуына, оның ішінде Шығыс, Орта Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарының мәдениетіне Әл-Фарабидің жасаған ықпалы әр тарапты болды және ұзақ уақытқа созылды. Барлық этникалық топтардың, соның ішінде, түркі тектілердің «Мұсылман» Шығысының мәдени өміріне белсенді түрде қатысуы әдеби тілді халықтық негізде дамыту әрекеттеріне қолайлы жағдай туғызды. Түркі тілінде Махмуд Қашқаридың және Жүсіп Баласағұнның шығармаларынан тамаша энциклопедист ғалым әл-Фарабидың Рационалистік және гуманистік идеяларының іздері айқын көрінеді.

**Анар Кажденбековна
ПЕРНЕБЕКОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы.
Алматы қаласы.**



Киіз үй – қазақ халқының дәстүрлі баспанасы

Киіз үй — өзіндік баға жетпес өнер туындысы бола тұра көшпелілер үшін өмір-салты мен әдет-ғұрпының, дүниетанымының, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы. Киіз үй — көшпелі халықтардың негізгі тұрағы. Киіз үйдің тарихы тереңде жатыр. Үш мың жылдық тарихы бар, түркі тілдес халықтардың «Қара шаңырақ» иесі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, өмір сүрген ортасын киіз үйден тысқары елестету мүмкін емес. Қазақ халқының ата-бабалары ерте заманнан бері қарай, атап айтсақ скиф, сақ, ғұн, түркі, «қос оқ» тайпалары дәуірінен киіз үйде өмір сүріп келгенін тарихи деректер дәлелдейді. Ал кейбір деректерде киіз үйдің пайда болғанына 7-10 мың жыл болған деп те көрсетіледі. Киіз үй «үй ағаштан», «үй сүйегі»: кереге, уық, есік, шаңырақ, бақандардан тұрса, жамылғы үзік, туырлық, түңлік, бау-шудан, шиден құралады. Қазақ халқының көшпенді өмір салтында, табиғат аясында киіз үй көшпенділердің ажырамас серігі болды.

Киіз үй жалғыз бір адамның даналығына, оның ісмерлігіне байланысты пайда болған жоқ. Ол көшпелі өмір салты аясында туындап, көшпелілердің материалдық мүмкіндіктерімен қатар, олардың таным түсінігі мен шеберлігінің көрсеткіші болып саналған. Қас шеберлер өздерінің бар өнерін осындай киіз үйдің өн бойына жинақтауға тырысты. Қазақтың ата-бабалары біздің заманымыздан бұрынғы VII-I ғасырларда киіз үйде өмір сүргендігін суреттейтін жазбаша тарихи деректер молынан ұшырасады. Қазақ халқы киіз үйді басқа көшпелі халықтарға қарағанда сәндеген, әше-

кейлеген, кейбіреулері өте үлкен етіп те жасаған. (1, 22-23 б.б.).

Ен далада еркін кешкен көшпелілердің сан ғасырлық тәжірибесі, өмірлік қажеттілігі, дүниетанымдық өлшемінің көрсеткіші киіз үйдің болмыс-бітімінен байқалады, олардың сұлулық туралы талғамы, әсемдік туралы түсінігі қоршаған ортаның үйлесімдігін игеру мүмкіндігі киіз үй арқылы бейнеленеді. Киіз үй мәдениеттің бірегей туындысы ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының дүниетанымын айқындайтын мұра.

Көшпелілер дүниетанымы адамды табиғаттың бір бөлшегі, табиғатпен кіндігі бір, біте қайнасқан, табиғатпен тұтастықта өмір сүретін жаратылыс иесі деп түсінуге негізделген. Олар аспан әлемін бүкіл тіршіліктің баспанасы ретінде қабылдаған, ал киіз үйді сол ғаламның баламасы — көк күмбез аспандағы шағын әлем сипатында ұға білген. Көшпелілер мәдениетінде киіз үй жасау өнері — әлемді түсінуге деген талпыныс, табиғаттың көркемдік бейнесін берудің өзіндік формасы іспетті болған. Оның ірге қанаттары айнала көкжиекті, уық-шаңырағы аспан күмбезін, интерьер мен дизайны теңдесі жоқ үйлесімді табиғатты бейнелейді.

Қазақтардың «түтінін түзету», «шаңырағын шайқалтпау», «ошағының отын сөндірмеу» сияқты баталы насихат сөздері киіз үйді кіші әлем санаудан туған үлкен философиялық ойды аңғартса керек. Сондай-ақ киіз үйдің түрлеріне қарай тұтас елді атау кара шаңырақтың қасиеттілігін дәріптеуден туғаны көрініп тұр (2, 187 б.).

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалған үй бұйымдарының ала-



тын орны айрықша. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ халқының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан. Ағаш өндеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста», деп даралап көрсеткен. Ал, бұл шеберлердің әрқайсысы өзінің негізгі кәсібінен басқа да ұсақ-түйек бұйымдар түрлерін жасай білген. Әсіресе «ұста» атанған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әр түрлі металл және сүйек өндеу ісімен шұғылданған. Ағаш өндеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті, шынайы талғамды қажет ететін, киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер болған. Мұны халық тілінде «үй басу» деп те атайды (3, 13-18 бб.).

Киіз үй сыртқы пішініне, сүйегіне қарай қазақы киіз үй, қалмақы киіз үй деген екі түрлі үлгіде кездеседі. Қазақы киіз үйдің еңсесі биік, иығы шығыңқы, дөңгелек күмбезді болып келеді, ал қалмақ үлгісіндегі киіз үйдің формасы шошақ, уықтары иінсіз түзу болып сүйірлене көрінеді.

Айта кететін бір жайт, монғол тайпаларының киіз үй ағаштарында уықтың қарымы болмайды, керегелері жазықтау келеді, ал үйлері аласа болып келеді. Алайда ертедегі ауқатты адамдарда ақ күмбез үйлер көп болғаны кейбір деректерде кездеседі. Қазақтың үйлері үлкен, кең болады. Соған сай үй ағашты үлкен, кең етіп жасайды. Олардың мөлшеріне келсек шаңырақ 60, 70, 80, 90, 100 көзді, кереге де, уық та сондай басты, қаламды келеді. Ал кереге саны 4, 6, 8, 10 қанатқа дейін барады. Бұл қазіргі қазақ киіз үйлерінің үлгілері. Аз қанат киіз үйлер ерте кезде тек жағдайы жоқ кедей адамдарда ғана болған (4, с. 3).

Киіз үйдің негізгі қаңқасын (кереге,

уық, шаңырақ, сықырлауық) сүйегі деп атайды. Киіз үйдің сүйегі жасалатын «Үй ағашты» алты ай не болмаса бір жылда дайындайтын. «Үй ағашты» жасайтын шеберді әдетте «Үй ағашшы» деп атаған. Үй ағашы негізінен тал мен қайың ағашынан жасалады.

Киіз үй сүйегі, яғни керегесі мен уықтары, көбінесе өзен жағасында өсетін әр түрлі талдардан жасалатын болған. Мысалға, Қазақстанның әр өңірлерінде өсетін сәмбі тал, қара тал, көк тал, боз тал, құба тал сияқты түрлерін пайдаланған. Сән-салтанат құрған ірі байлар, төрелер мен билер үйшілерге киіз үйдің сүйегін түгелдей қайың ағашынан жасатқан. Әдетте, қайың ағашынан жасалған үйлердің көлемі үлкен, көлемі салмақты, өзі өте мықты болған. Қайыңнан жасалған кереге-уықтарды мұқият өндеген соң, оны боямайтын, өйткені ағаштың жылтырата өңделген табиғи түсі үй ішіне аса ұнамды реңк беріп тұрады.

Кереге — өзінің үстінде бекітілген түндік, шаңырақ, уық, үздік, туырлықтарды көтеретін, жел мен боранда іргесі сөгілмейтін киіз үйдің қабырғасы. Оның тор көз, желкөз деген екі түрі болады. Соңғысының тесіктері жиі келеді. Кереге жасалмас бұрын алдын-ала сұрыпталып, тезге салынып түзетілген, арнайы тандалған біркелкі талдан жасалынады.

Кереге мен шаңырақ арасын біріктіріп, киіз үйдің төбесін шығарып тұратын иінді ұзын ағаштарды уық деп атайды. Уық — бұл киіз үйдің кереге мен керегеден жоғары бекітілетін бөлшектерін көтеріп тұратын екінші ірге. Уықтың тік болатын түрі киіз үй уығының сапасының жоғарылауы, қолданылуы, мерзімінің ұзаруы, көші-қон кезінде берік болуы, көлікке артуға ыңғайлы болуы, т.б. жағдайларға арналып жасалған. Түзу уықты сәндегенде үйдің басқа ағаштарынан гөрі көп қиыншылық



тудырмайды, көші қонда түйеге немесе атқа тиегенде өте ыңғайлы. Уықтарды орнықтыру кереге мен шаңырақтағы ұяшық арасының симметриясын сақтау арқылы жасалатын болса, шаңырақтың сұлулығы мен беріктігі киіз үйдің сәнін келтіре түседі.

Х. Арғынбаев өз еңбегінде: «Жетісу өңіріндегі киіз үй уықтары иінсіздеу шаңырақтары шағындау, үй төбесі қалмақ үй тәрізді шошақтау болады екен» деп айтып кеткен болатын (3, 13 б.).

Көші-қонға, көшпелі елдің өмір салтына ыңғайлы киіз үйді көшпелілердің тұтыну құралы, олардың эстетикалық талғамының көрсеткіші, көк тәңірін рәмізді түрде сипаттайтын шағын әлем деп түсінуге негіз бар. Ал оның бөлшектері әлемнің бірегей құрылымын суреттейді. Шаңырақ — киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын ең жоғарғы бөлшегі, ол дүниенің дөңгелектігінің, дөңгелектенген дүниенің шексіздігін және оның қозғаушы күші — от екендігін білдіреді. Мұндағы шаңырақ күн көзі, күлдіреуіш от ұғымы, шаңырақтан тараған уық күннен тараған нұр шапағатына, ал уық-керегелері оның сәулелеріне ұқсас. Халық санасындағы нұр жауып тұрған аспанға ұмтылу идеясы киіз үй құрылысынан да өз көрінісін табады.

Киіз үйдің қасиеттілігімен ұлы көшпелілер ақыл-ойының ұшар шыңы, кез келген ұғым-түсінігі қара шаңырақ айналасында өрбіген. Қазақтарда шаңырақ береке-бірлікті білдіріп, бата-тілек бергенде «шаңырағың биік болсын», «шаңырағың шайқалмасын» деп жатады. (5, 19). Бұл көзқарас отбасы тату-тәтті, ұйымшыл болсын деген ойдан туындаған. Шаңырақты ауыл-аймақтың ең қадірменді, батагөй қарттарына көтерту немесе киіз үйді жыққанда шаңырақты жолымыз болсын деп көшетін жаққа қарай қисайтып ырымдап

түсіруі қазақтың дүниетанымында ерекше қасиеттілігін танытады.

Сықырлауық — (жарма есік) кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есік қызметін атқарады. Ол екі жақтаудан (екі босаға), маңдайша мен табалдырықтан және жарма есіктен тұрады. Көшіп қону кезінде артуға ыңғайлы болу үшін сықырлауық осындай бірнеше бөлек етіп жасалынған. Шеберлер сықырлауықтың бөліктерін жасауға ерекше мән берген, әрі оған қайың секілді қатты ағаш түрлерін пайдаланған (6, 112 б.).

Қорыта айтқанда, киіз үй қазақ халқының өзімен бірге ғасырдан ғасырға жасып келе жатқан, тарих белестерінен бірге асқан заттық, тұрмыстық мәдениеттің көрінісі. Киіз үй жасау — технологиясы өзіндік жоғары біліктілікті талап ететін өнер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәмәләшұлы Б. Қазақтың байырғы баспаналары, үй жиһаздары, ұлттық киім-кешек, ыдыс-аяқ, ас-сусын, тамақтағамдарына қатысты салт дәстүрлері. - Алматы: Өнер, 2006. - 152 б.
2. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. Алматы: Жалын, 1981, - 240 б.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол-өнері. — Алматы: Өнер, 1987. - 128 б.
4. Марғұлан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. — М.: Наука, - 1964.
5. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті. — Алматы: «Desart.el», 2003. - 129 б.
6. Қасиманов С. Қазақ халқының қол-өнері. — Алматы: Қазақстан, 1995. - 240 б.

Б.Ш. СОЛТИЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Шетелдік азаматтарға
арналған және ЖОО дейінгі дайындық
бөлімінің аға оқытушысы.
Алматы қаласы.



Санды теңсіздіктердің қасиеттері

Мақсаты	- Оқушыларды санды теңсіздіктердің қасиеттерін түсініп, есептер шығаруда қолдануларына ықпал жасау; - Топта бір-біріне көмек көрсету арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу, топ белсендісін сайлап, жаңа тақырып шығара білуге дағдыландыру.		
Күтілетін нәтиже	- Санды теңсіздіктердің қасиеттерін біледі; - Ережелерді есептер шығаруда қолдана алады.		
Негізгі идеялар	$a > b$ онда $b < a$; $a < b$, $b < c$ онда $a < c$.		
Сабақ түрі	дәстүрлі.		
Сабақ типі	жаңа білім алу сабағы.		
Сабақ көрнекілігі	топ ережесі, бағалау критеріі, мысалдар, сұрақтар, стикерлер, қажетті құралдар.		
Өту барысы			
Сабақ кезеңі	Жұмыс түрі, әдістер		
Ұйымдастыру. (1 мин)			
Үй тапсырма сын тексеру (1 мин)	№888 (жұптары); №893.	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Өткенге шолу (3 мин)	1. Қандай жағдайда $a-b$ оң сан болады? 2. Қандай жағдайда $a-b$ теріс сан болады? 3. $<$ және $>$ белгілері қандай теңсіздік белгілері? 4. $>$ және $> n/ce <$ және $<$ белгілері қандай теңсіздік белгілері?	Сабақ мақсатымен таныстырып, сабаққа мақсат қоюға шақырамын.	Бірдей нөмірлі кәмпиттермен топқа бөлініп отырады.
Жаңа тақырыппен танысу. (18 мин)	<u>1-қасиет: a саны b санынан үлкен болса, b саны a санынан кіші болады.</u> Егер $a > b$ болса, онда $b < a$. 1-мысал: $5,3 > 2,7$ болса, $2,7 < 5,3$; $1,5 < 4$ болса, $4 > 1,5$. <u>2-қасиет: a саны b санынан кіші ал, b саны c санына кіші болса, онда a саны c санынан кіші болады.</u> Егер $a < b$, $b < c$ болса, онда $a < c$. 2-мысал: $9,3 < 10$; $10 < 21,7$ болса $9,3 < 21,7$. <u>3-қасиет: Санды теңсіздіктің екі жақ бөлігін де бірдей санды қосқанда теңсіздік өзгермейді.</u>	Тізбектей сұраймын.	Тізбектей сұраймын.



	Егер $a > b$ болса, онда $a + c > b + c$, c – кез келген сан. 3-мысал: $8,9 > 5,3$ теңсіздігіне 1, 2 санын қосайық: $8,9 + 1,2 > 5,3 + 1,2$; $10,1 > 6,5$. 2) $1\frac{2}{3} > \frac{2}{3}$ теңсіздігіне $(-\frac{1}{3})$ қосайық. $1\frac{2}{3} - \frac{1}{3} > \frac{2}{3} - \frac{1}{3}; 1\frac{1}{3} > \frac{1}{3}.$ 4-мысал: $7,2 + 3 > 8,1$ теңсіздігін $7,2 + 3 - 3 > 8,1 - 3$, яғни $7,2 > 8,1 - 3$ түрінде жазуға болады. 4-қасиет: а) Санды теңсіздіктің екі жақ бөлігін де бірдей оң санға көбейтсек немесе бөлсек, теңсіздік өзгермейді. Егер $a < b$ және $c > 0$ болса, онда $ac < bc$, $\frac{a}{c} < \frac{b}{c}$. 5-мысал 1) $6,2 < 9$. 2 онда $6,2 \cdot 2 < 9 \cdot 2$; $12,4 < 18$. 2) $15,5 > 10$; $15,5 : 5 > 10 : 5$; $3,1 > 2$. ә) Санды теңсіздіктің екі жақ бөлігін де бірдей теріс санға көбейтсек немесе бөлсек, теңсіздік белгісін қарама-қарсы белгіге өзгерту керек. Егер $a < b$ және $c < 0$ болса, онда $ac > bc$, $\frac{a}{c} > \frac{b}{c}$. 6-мысал: 1) $3,1 > 2,3$. (-2) онда $3,1 \cdot (-2) < 2,3 \cdot (-2)$; $-6,2 < -4,6$. 2) $12 > 7$; (-3) онда, $-\frac{12}{3} < -\frac{7}{3}$; $-4 < -2\frac{1}{3}$. 5-қасиет: а саны b санынан кіші болса, а санына кері сан b санына кері саннан үлкен болады. Егер $0 < a < b$ болса, онда $\frac{1}{a} > \frac{1}{b}$. 7-мысал: $3 < 4$ болса, $\frac{1}{3} > \frac{1}{4}$.		Ойларын жинақтап, жауап беру.
